

**«БҮКІЛ ЕЛДІ БОЛАШАҚТЫҢ КӨЛІГІМЕН АРАЛАУ»  
«МӘНГІ СҮЙЕМІН СЕНІ, ТУҒАН ӨЛКЕМ...»**

**Нұрмахамбет Жанна Талғатқызы, 1 орын** (Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Беріктас ауылы, Беріктас ауылдық орта мектебі),  
жетекшісі: Аманкулова Райгуль Аскербаевна, технология пәнінің мұғалімі.

«Ер туған жеріне,  
Ит тойған жеріне»  
(мақал)

Міне, күндей күліп, құлпырып, көктем келді. Көктеммен бірге, адамдардың көңіл-күйлері де жадырап, қыстың аязынан, ызғарынан құтылғандарына қуанып, ерекше көңілмен, қуанышты жүздері бал-бұл жайнайды. Олардың ішінде менің сыныптастарым да бар. Қазір сынып сағаты болып жатыр. Бір-бірімен алысып, ойнап жүретін олар бүгін момақан бола қалыпты. Оған себеп, мұғалімнің бүгінгі тапсырмасы. Барлық оқушыларға туған жер туралы, туған жерге біздер қандай жақсылық жасай алатынымыз туралы шығарма жазу тапсырылды. Мұғалім: сендер туған жерге деген махаббаттарыңды қағаз бетіне түсіріңдер,- деп күлімсіреді. Менің ойым алысты шарлады. Ия, туған жер туралы не жазсам екен? Мен туған жеріме қандай жақсылық жасай аламын?

Көңілім алып ұшты. Таптым, таптым. Дәп қазір туған жерге деген махаббатым, мектеп ауласын, үйімнің айналасын таза ұстап, туған жерге арналған өлең жырлар, арнаулар шығарумен ғана шектеліп жатса, мен оқуымды бітірген соң, туған жеріме өз махаббатымды көрсете аламын ғой. Олай болса, қиялымды қамшыладым. Міне, мен үлкен ғалыммын. Оқуымды аяқтап, еңбек етуді бастадым. Еңбегім сол, баяғы уәдемде тұрып, алыстағы ауылыма, туған жеріме титтей де болса жақсылық жасау, оны әлемге таныту. Осы мақсатта мен көлік жасау инженері болғандықтан бүкіл елді аралап шығатын Болашақтың көлігін ойлап таптым. Бұл көлігім бір қарағанда өте қарапайым. Барлық көліктерде бар тетіктер бар, бірақ, ерекшелігі сол, менің көлігімнің жиналмалы қанаты, ішінде интернет құрылғылары, антеннасы бар. Ішіндегі тетіктері түрлі-түсті. Қызыл түсті басқанда жай көлік болады. Жасыл түсті басқанда зымыранға айналады, сары түсті басқанда ғаламторға қосылады. Көк түсті басқанда көлік ұшаққа айналады. Міне көлігіме міндім де, ауылыма қарай жол тарттым. Беріктас ауылы деген жазу баяғы бала кезімді еске түсіріп, жүрегімді сағыныш кернеді. Көліктің қанатын жазып жіберіп ауыл үстін түгел шарлап ұштым. Міне, кең байтақ дала.

Егістік алқаптары, тәбіндегі сиырлар, отар-отар қойлар, келе-келе түйелер түгелдей алақандағыдай көрінді. Әне Қозыбасы тауындағы Наурызбай батыр кесенесі, тасқайнардағы Камал Кармысов атындағы бұлақ, биік-биік таулар, Беріктас ауылын қанатына алып жатқандай Берікқара тауы. Осылардың барлығы ауыл тарихы, ауылдың өткені мен бүгіні.

Мен көлігімнің қызыл түсін басып, ауылға жай көлікпен кірдім. Ең адымен өзім оқыған мектепке тоқтап, ондағы Ауған соғысының ардагері, ауылымыздың азаматы Серік Әшімовтың мұражайына кірдім. Мұражай көптеген тың материалдармен толығыпты. Оқушылар арнау өлеңдер шығарыпты. Осы мұражайды бейнетаспаға түсіріп, ғаламтор желісінге салдым. Енді мұражаймен басқа да елдің адамдары танысатын болады.

Бұдан кейін көлігімді ауылдағы ауырып жатқан балалардың үйлеріне бұрдым. Оларға сыйлықтар үлестірдім. Балалар қатты қуанды. Енді мен ауылдың кәсіпкер азаматтарын тануға жолға шықтым. Ауылда кәсіпкерлікпен айналысатын адамдар өте көп. Олар, егіншілікпен айналысатын «Тәуекел» шаруа қожалығы, «Алмас» шаруа қожалығы, тб барлығы өз өнімдерін ұн, нан, түрлі тәтті нан түрінде шығарып жатыр екен. Осы шаруа қожалықтары туралы да бейнебаянды көлігімдегі ғаламтор арқылы шартарапқа жолдадым. Келесі барған жерім «Жақсылық» шаруа қожалығы еді. Мұнда қожалық басшысы Қожахметов Қайсар аға түйе сүтінен шұбат жасап, бие сауып, қымыз жасап, шаруасын жүргізіп жатыр екен. Ауылымның азаматын осындай істерінің оң қадам басқанына қуанып, оны да ғаламторға салдым. Енді бұл кісілердің өнімдеріне сұраныс артады. Олардың өнімдерін барлықтары келіп алатын болады.

Мен көлігіммен жүріп өткенде ауыл ішіне тағы көз жүгірттім. Ендігі ауылға керегі жасыл желектің көп болғаны. Осы жағын қарастыру керек. Көп ағаштар отырғызу керек деп ойладым. Осылайша жоспар құрып қойдым.

Жасыл тетікті басып, көлігімді зымыранға айналдырдым. Ауылдағы мүгедек балаларды бір қуантайын деп, осы зымыранға отырғызып, Айға бір-ақ ұштық. Айдан жерді тамашаладық. Өзге ғаламшарлықтармен таныстық. Олар қасымдағы мүгедек балаларды емдей алады екен. Осы өзгеғаламшарлықтармен достасып алдық. Олар менің көлігіме қатты қызықты. Олар да менікі сияқты көлік жасап шығаратындарын айтты. Сосын олар бізге келеді. Өзге ғаламшарлықтар бізге қонаққа келгенде біздің ауыл, яғни Беріктас ауылы ең танымал ауылға айналады. Сосын саяхатшылар бізге келеді. Біздің ауылды жақсылап аралап, табиғатына тамсанады. Өйткені, Беріктастың табиғаты өте әдемі. Жан-жағын биік таулар қоршаған, сарқырап өзен ағып жатыр. Тау қойнауы түрлі

ағаштарға толы. Міне, біздің де зымыранға отырып, ауылға қайтатын уақытымыз болды. Өзге ғаламшарлықтар бізбен қимай қоштасып, қол бұлғап қала берді. Менімен бірге Айға ұшқан балалар сап-сау болып ауылға оралды. Міне, нағыз бақыт деп осыны айт.

Ауылға қона салып, қызыл тетікті бастым да ауыл ішіне көлігіммен кірдім. Көлік терезесінен далада ойнап жүрген балалар, орындықта әңгіме айтып отырған қарттар, өз шаруарымен ары-бері жүрген ауыл адамдары көрінеді. Мен қасымдағы балаларды үйлеріне апарып, ата-аналарын қуанттым. Өзім де өте қуаныштымын. Ауылым көркейіп өсе берсін. Мен осында қаламын. Осы жерде жұмыс істеймін. Барып құжаттарымды алып келейін. Жаймашуақ ауылым менің. Көк тетікті басып, енді ұшайын дегенімде шар ете қалған дауыстан селк ете қалдым. Сөйтсем, сабақ бітуге арналған қоңырау соғылыпты.

Мен өз қиялымнан әрең ояндым. Шығармаларын мұғалімге өткізіп, дабырласып жатқан сыныптастарыма бірден ілесіп кете алмай бірер минут тұрып қалдым. Содан кейін, көкірегімді бір қуаныш кернеп сала берді. Міне, айқын әрі анық ой осы. Мен өскенде туған ауылымды көркейту үшін өз ауылыма ораламын. Ауылым- алтын бесігім. Мен сені қатты жақсы көремін. Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас деп бекер айтылмаса керек. . Олай болса, туған жер мен үшін әркез анамның аялы алақаны сияқты ыстық ұя. Өз мақсатымның айқындалғанына қуанып, сыныптастарымның артынан тұра жүгірдім. Ееей, тоқтаңдар...

Нұрмахамбет Жанна

6 сынып

